



«БЕКІТЕМІН»  
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу  
орталығы» РМҚК директоры  
Р. Т. Емелбаев  
« 3 » 2023 ж.

**«Әлеуметтік педагогика» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Әлеуметтік педагогика» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Әлеуметтік педагогиканың ғылыми-теориялық негіздері	01	Әлеуметтік педагогикалық зерттеудің мақсаты мен міндеттері, Әлеуметтік педагогикалық зерттеу қағидалары. Әлеуметтік педагогикалық зерттеу әдістері, тәжірибелері және олардың нәтижелерін талдап қорытындылау	Әлеуметтік-педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістері туралы түсінік беру, әлеуметтік педагогика саласындағы теориялық және қолданбалы әдістер бойынша зерттеу дағдыларын қалыптастыру.
02	Тұлғаның әлеуметтік қалыптасу педагогикасы	02	Адамның әлеуметтік дамуы. Әлеуметтену әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде. Адамның өзінің өмірінің әртүрлі кезеңдеріндегі жас ерекшелігіне байланысты әлеуметтену ерекшеліктері	Болашақ әлеуметтік педагогтардың тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы әлеуметтендіруге бағытталған білімдер мен дағдыларын, әдістемелік-практикалық іскерліктерін қалыптастыру.
03	Баланың әлеуметтік дамуының қозғаушы күштері	03	Адамның әлеуметтік дамуының көздері. Әлеуметтік дамытудың қозғаушы күштері. Әлеуметтік өзін-өзі жетілдірудегі бала тұлғасының рөлі	Болашақ әлеуметтік педагогтардың балаларды әлеуметтендіру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыруға және олардың қолжетімді және сапалы білім алу құқықтарын қамтамасыз ету дағдыларын игерту.
04	Іс-әрекет және оның әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктері	04	Іс-әрекет және оның әлеуметтік-педагогикалық сипаттамасы. Іс-әрекет түрлері, олардың тұлғаға прогрессивті және регрессивті ықпалы	Білім беру, оқыту және тәрбие беру құралдарымен, әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет түрлері туралы түсінік беру, әлеуметтік тәжірибе беру және игеру, әлеуметтік

				бағдар беру
05	Тұлғаның адаптациясы, дезадаптациясы және реадаптациясы	05	Әлеуметтік дамудағы, әлеуметтенудегі адаптацияның рөлі. Дезадаптация, себептері, белгілері және оны жеңу жолдары. Адаптация мен әлеуметтенудің дезадаптация мен десоциализациясының өзара байланысы, балалармен және жеткіншіктермен жұмыста оларды есепке алу	Әлеуметтік педагогтың іс-әрекетіндегі негізгі жұмыс бағыттары туралы жүйелі білімді қалыптастыру, тұлға әлеуметтенуінің әрбір кезеңінде алдын-алу, түзету, дамыту жұмыстарын іске асыруды қамтамасыз ету
06	Балалар мен жеткіншіктердің субмәдениеті	06	Субмәдениет ұғымы. Балалар мен жеткіншектердің субмәдениетті түсінуді қалыптастыру көздері. Баланың, жеткіншектің әлеуметтік мәдени әлемінің көрініс беру ерекшеліктері мен оларды ескеру қажеттігі	Жастар субмәдениетінің пайда болу жағдайларын, негізгі сипаттамалары мен механизмдерін зерттеуге мүмкіндік беру; осы мәселемен айналысатын отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «жастар субмәдениеті» ұғымы туралы нақты түсініктері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.
07	Әлеуметтік ауытқушылықтың себептері мен оларды жою жолдары	07	Адамның әлеуметтік дамуындағы қалыптылық пен ауытқушылықтың себептері, балалар мен жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының алдын-алу және жоюдағы әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің бағыттары	Әлеуметтік ауытқушылықтарды болжау және алдын-алу бойынша түсініктері мен психологиялық және педагогикалық білімдерін жетілдіру, студенттердің тәжірибелік дағдыларды игеруіне жағдай жасау.
08	Қиын тәрбиеленетін балалар: мәні, себептері, мәселелері	08	Әлеуметтік педагогикадағы «Қиын тәрбиелену» түсінігі. Қиын тәрбиеленетін балалар тұлғасы мен топтарының сипаттамасы. Қиын тәрбиеленушіліктің көріну формалары және олармен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	Болашақ әлеуметтік педагогтардың «Тәрбие беруде педагогикалық зейінді және педагогикалық білім беруді аса талап ететін», балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс құзыреттіліктерін, жүйелі білім және іскерліктерін, дағдыларын қалыптастыру
09	Отбасы тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың ортасы ретінде	09	Отбасының әлеуметтік мәдени ортасы. Отбасының тәрбиелеу мүмкіндіктерін көтеру жолдары	Отбасы тәрбиесінің негіздері туралы ғылыми-теориялық білімнің жүйесін қалыптастыру, отбасымен әлеуметтік-педагогикалық

				жұмысында біліктілігін дамыту
10	Көше тәрбиелеу ортасы ретінде	10	Көше тәрбиелеу факторы ретінде; «көше баласы» ұғымы. Көше балаларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Көше балаларының қаңғыбастығы мен ұрлығы. Вандализм – мінез-құлық ауытқуының көрінуі ретінде. Мінез-құлық ерекшеліктері және оларды тәрбиелеу	Әлеуметтік тәрбие мен әлеуметтік қолдаудың теориясы мен практикасы туралы ғылыми білімді игерту; көше қаңғыбастығы мен вандализмнің пайда болуының педагогикалық заңдылықтарын зерттеу; оны шешудегі жеке және кәсіби тәжірибесін қалыптастыру
11	Өмірдегі қиын жағдайлар және оған тап болған балалардың орнығуы	11	«Өмірлік қиын жағдайлар» түсінігінің мәні және олардың типологиясы. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалардың асырап алушы және орын басушы отбасылары. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер	«Өмірлік қиын жағдайлар», «отбасылық қолайсыздық», «әлеуметтік жетімдік» туралы жүйелі білімін қалыптастыру және балаларға және асырап алушыларға уақытылы тиімді көмек және әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде әдістемелік-практикалық іскерліктерді қалыптастыру
12	Пенитенциар мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мәселелері	12	Пенитенциар мекемелеріндегі жұмыстың түрлері мен ерекшеліктері. Балалар мен жеткіншектерді әлеуметтендірудегі тәртіп және олардың мәні. Пенитенциар мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері	Пенитенциарлық мекеме жағдайында қайта тәрбиелеу процесінің өзін, оның мазмұнын, тәрбие жұмысының құралдары, нысандары мен әдістемелік дағдыларын қалыптастыру, отандық және шетелдік тәжірибені, оны біздің жағдайда қолдану мүмкіндіктерін зерттеуге мүмкіндік беру
13	Әлеуметтік-педагогикалық виктимология	13	«Виктимділік» ұғымы және оның түрлері, формалары. Әлеуметтенудің және әлеуметтік тәрбие құрбаны болған балалардың ерекшеліктері. Тәрбие және басқа да жағдайлардың құрбаны болған балалармен жүргізілетін жұмыстың әдістері мен қағидалары	Жеке тұлғаны құрбан ету процесінің теориялық негіздерін игеру, әлеуметтік-педагогикалық виктоимология саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, дамудың он бағыттарына сәйкес өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру дағдыларын дамыту

14	Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен педагогикалық мәдениеті	14	Кәсіби іс-әрекеттің факторлары. Тұлғаның кәсіби өзгеруі: түсінігі, мәні, мазмұны. Әлеуметтік педагогтың жағымсыз кәсіби өзгерісін алдын-алу және жою жолдары. Әлеуметтік педагогикалық мәдениеттің құрылымы мен оның компоненттерінің сипаттамасы. Әлеуметтік педагогтың педагогикалық мәдениетін көтеру жолдары	Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің білімі мен дағдылар көлемін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, болашақ әлеуметтік педагогтерге қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын болуға көмектесу
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).				

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Әлеуметтік педагогиканың ғылыми-теориялық негіздері. Тұлғаның әлеуметтік қалыптасу педагогикасы. Баланың әлеуметтік дамуының қозғаушы күштері. Іс-әрекет және оның әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктері. Тұлғаның адаптациясы, дезадаптациясы және реадаптациясы. Балалар мен жеткіншіктердің субмәдениеті. Әлеуметтік ауытқушылықтың себептері мен оларды жою жолдары. Қиын тәрбиеленуін балалар: мәні, себептері, мәселелері. Отбасы тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың ортасы ретінде. Көше тәрбиелеу ортасы ретінде. Өмірдегі қиын жағдайлар және оған тап болған балалардың орнығуы. Пенитенциар мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мәселелері. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен педагогикалық мәдениеті.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

#### 8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Екатерина Васильевна «Әлеуметтік педагогика». Дәрістер.

3. Мардахаев Л.В. Әлеуметтік педагогика. – Алматы, 2011.

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
орта білім беру комитеті**

(қолы)

(Т.А.Ә)

« 18 » \_\_\_\_\_ 2023 ж.

*Аманжол*

*А*

*Аманжол*

*А*